



Мектеп директоры:  
Смагулова Р.Н.

№8 жалпы орта білім беретін мектебінің мамандық таңдау жұмысының  
жоспары

2022-2023 оқу жылы

№	Іс-шаралар	Жауаптылар	Мерзімі
1	Мамандық таңдауда ата-ана мен оқушыларға жеке кеңес беру және оқушының жеке таңдауын ескерту	Мектеп әкімшілігі	Жыл бойы
2	«Мамандық әлемімен танысу» тақырыптықсынып сағаты	3-9 сынып жетекшілері	Қыркүйек, сәуір
3	«Балаға мамандық таңдауға қалай көмек береміз?» әңгіме	7-11 сынып жетекшілері	Қазан
4	«Жұмыстың бәрі жақсы» суреттер сайысы	1-6 сынып жетекшілері	Қазан
5	«Менің болашағым өз қолымда» Шығармашылық сайыс	8-11 сынып жетекшілері	Қараша
6	Қаладағы өндіріс орындарына бару	1-11 сынып жетекшілер	Жыл бойы
7	Оқу мекемелерінің өкілдерімен кездесу	Сынып жетекшілер	Жыл бойы
8	«Өз еліңді қорғау да, мамандық» 5-11 сыныптар арасында әскери ерлік сабағы	Искакова А.А Акшулаков А.Ж.	Ақпан
9	«Қайда оқуға барамын» 9-11 сыныптар арасында әңгімелесу	9-11 сынып жетекшілер	Жыл бойы
10	Ата-аналардың мамандығы бойынша зерттеу жұмыстары	Соц.педагог Баянова К.К	Ақпан, Сәуір
11	Оқушылардың мамандық таңдауына байланысты ата-аналар жиналысы	Мектеп әкімшілігі	Мамыр

**Атбасар қаласының №8 ЖОББМ «Мамандық таңдау – басты бағдарымыз» тақырыптық сынып сағаттары өткізілгені туралы анықтама.**

Жастарды еңбекке баулу және мамандықтарын дұрыс таңдауға бағыт беру маңызды істердің бірі. Саналы түрде таңдалған мамандық жеке тұлғаның болашақ өміріне әсер етеді. Болашақтағы кәсіби мақсатына дұрыс бағыт алған оқушы бойындағы қарым қабілетін шығармашылықпен дамыта білсе сапалы маман ретінде қалыптасатыны белгілі. Сондықтан қыркүйек айында, мамандық таңдау маңызды қадам екенін көрсету мақсатында «Мамандық таңдау – басты бағдарымыз» тақырыптық сынып сағаттары өткізілді. Сынып сағаттары 3-9 сыныптарда өтті. Бұл іс-шараға барлық сынып жетекшілері жауапты болды. Сынып сағатының мақсаты балаларға мамандық таңдаудың маңыздылығын жеткізу болды, сондай-ақ балаларға олардың болашақ мамандығы бірінші кезекте оларға ұнауы және мамандықты жүрегінің қалауы бойынша таңдауы керек болды. Өйткені, әрбір адамның болашағы таңдаған мамандығына тікелей байланысты. Өз ісін жақсы көріп, үлкен жауапкершілікпен атқарғанда ғана адам өзін бақытты сезінеді екенін балалар түсінді. Мамандық таңдау – өте жауапкершілікті және маңызды іс. Мамандық таңдауда әр адам өзінің қызығушылығына, қабілетіне, бейімділігіне, қалауына сүйену керек. Қазіргі таңда мамандықтың түрі көп. Таңдау жасау оңай емес, сондықтан мектепте кәсіптік бағдар беру іс-шаралары өткізіледі.

Ең бастысы – адам еңбекке қабілетті, зейінді болуы қажет және оның мамандығы өзі өскен ортаға маңызды, бағалы үлес қосатындай болуы шарт. Өткізілген сынып сағаттарында осы тақырып туралы балаларға мәлімет берілді. Әр сынып жетекшісі осы сынып сағатын өткізуге өте үлкен жауапкершілікпен қарады.

**№8 ЖОББМ «Балаға мамандық таңдауда ата-ананың көмегі»  
ата-аналар жиналысында оқыған баяндама туралы  
аңықтамасы**

Оқушылардың кәсіптік бағдар беру жүйесіндегі маңызды буын ата-аналар. Балалардың өмірлік және кәсіби жоспарларын анықтауда ата-аналар белсенді қатысады. Өйткені олар балаларына олардың мүмкіндіктері мен қызығушылықтарын анықтауға көбірек көмектесе алады. Мамандықты таңдау жолдарын анықтау оқушылардың өздері үшін де, олардың ата-аналары үшін де қиын міндет. Ата-аналардың тілектері мен оқушылардың кәсіби ниеттері көп жағдайда сәйкес келмейді. Осы мәселені шешу мақсатында ата-аналармен кәсіби бағдар беру тақырыбында ата-аналар жиналысы өтті. Жиналыстың басты мақсаты ата-аналарға балаларға кәсіби бағдар берудің жолдарын көрсету. Бұл өзекті мәселелерге арналған жиналыстарда мамандық таңдау кезіндегі іс алгоритмі туралы кеңестер берілді.

Жиналыста ата-аналар "Мен баламды болашақта кім болып елестетемін"; "Баланы жұмысқа дайындаудағы және таңдаудағы менің рөлім қандай?"-деген сұрақтарға жауап берді.

Осындай ақпараттық-кеңес беру тақырыптары қозғалды:

"Сіздің балаңыздың болашақ кәсібі";

"Балаға мамандық таңдауға қалай көмектесуге болады";


"Кәсіби өзін-өзі анықтау мифтері";

"Мамандық таңдауға әсер ететін негізгі факторлар";

"Мамандық таңдаудағы қателіктер";

"Мамандық таңдау ережелері".

# Ата-аналардың мамандық таңдауға әсері



Мамандық таңдау - жоғары сынып оқушыларының ғана емес, оның ата-аналарының да мәселесі. Ата-аналар әдейі немесе әдейі емес, бірақ олардың бала таңдаған жолына елеулі әсер етеді. Көпшілік ойлағандай, таңдауына әсер ету жаман емес. Ең бастысы, бала өзінің жасына қарамастан жеке қалауы мен бақылау тәжірибесі бар тұлға болғандықтан, оған түпкілікті шешімді қабылдау құқығын бере отырып, оған агрессивті мәжбүрлеу арқылы әсер етпеген жөн.

## Ата-аналар балалардың кәсіптік бағдарына қалай әсер етеді?

### 1. Олар өз балаларына көрсететін үлгі арқылы:

Туғаннан бастап біздің ата-аналарымыз бізге қамқорлық жасайды және бізге еліктеуге үлгі болады. Егер ата-аналарымыз табысты мансапқа ие болса және жақсы жайлы өмір сүрсе, ең алдымен, басқа да мансапты іздеуге тырысудың орнына, біз ата-аналарымыздың ізімен барып, олар тоқтаған жерден жалғастыруды қалар едік.

Біздің ата-аналарымыздың бізге беретін жақсы немесе жаман үлгілері біздің мамандық таңдауымызға айтарлықтай әсер етеді. Ата-аналар биік мансапқа жетпесе де, олардың өздерінің мансаптарында жасаған қателіктері бізге сондай қателіктер жасамауға итермелейтін сабақ ретінде қызмет етеді.

### 2. Өздерінің үміттері, армандары мен болжамдары:

Ата-аналар өз балаларына мүмкіндіктерінше ең жақсы дүниелерді беру үшін, барынша еңбек етеді. Олар өз балаларына барлық мүмкіндіктер жасағаннан кейін, балаларына қатысты белгілі бір үміттер мен армандар пайда болады.

Ата-аналардың күтулері балалардың болашақ мамандықты таңдаған кезде үлкен әсер етеді. Балаларының өз армандары мен үміттерінің бар болуына мүмкіндік беру керек екендігін көптеген ата-аналар түсінбейді. Ата-аналардың үміттері балалары үшін үлкен ауыртпалық болады. Өз ата-аналарын ақтай алмайтын адамдар өмір бойы өздерін жабырқаңқы және құнсыз сезінеді.

### 3. Олардың әртүрлі кәсіптерге қатынасы арқылы:

Көптеген ата-аналар, әсіресе консервативті ата-аналар, мансап жолын таңдағанда өз балаларына жүрек қалауын тыңдауларына ешқашан мүмкіндік бермейді. Өздері таңдаған жолды балалардың да таңдауына барынша итермелейді.

Соңғы 10 жылда көптеген жаңа жұмыс орындары мен мансаптық мүмкіндіктер пайда болды. Осы себепті, ұсынылып отырған таңдау өте көп үміт күттіретін болса да, ата-аналар осындай қызмет түрлерін мақұлдауға асықпайды. Ата-аналардың қарым-қатынасы қызмет саласын таңдауға әсер етеді, өйткені балалар ата-аналардың мақтаныш сезімінің бар болуын қалайды.

### 4. Олар өз балаларына беретін білім арқылы:

## Мамандық – менің болашағымның таңдауы

**Тақырыбы:** «Мамандық – менің болашағымның таңдауы»

**Мақсаты:** мамандық таңдауда жауапкершілікті қалыптастыру, өз - өзін тану аймағын кеңейту, кез - келген кедергіден шыға білу мақсатында жүргізіледі.

**Қажетті құрал - жабдықтар:** А4 қағаз, түрлі - түсті қағаздар, плакат, түрлі түсті карандаш. фломастер, карточкалар.

**Тренинг барысы.**

1.Кіріспе сөз(тренингтің тақырыбын, мақсатын, жоспарын, эпиграфын айтып кету)

Тренингтің эпиграфы «Кәсіп таңдау - тек қана болашаққа үнілу емес, ол өзіңнің ішкі жан - дүниенің үнілу...»

Психолог: Қайырлы күн, құрметті Қазақстанның жарқын болашақтары!

Сәлеметсіздер ме! Көңіл күйлеріңіз қалай?

Біздің бүгінгі тренингіміздің тақырыбы:

«Мамандық – менің болашағымның таңдауы».

Ел президенті Нұрсұлтан Назарбаев «Отанның болашағы, мемлекеттің келешегі жастардың қолында, олардың өрісті ойы, өркенді ісі, табанды тіршілігі тек біліммен ұштасқан біліктің арқасында биік белестерге жетеді» деп айт. Жақын арада әр қайсыңыз мамандық таңдау мәселесіне тап боласыздар, бүгін тренингімізде біздер осы маңызды тақырыптарға тоқталайықшы. Сіздерге сұрақ, мамандық дегеніміз не?, мамандыққа кішкене ой пікір тастап жіберіңіздерші. Сонымен мамандық дегеніміз – кәсіптің түрлері. Мамандық - қарапайым өмір сүру көзі болып табылатын және қандай да бір дайындықты, жауапкершілікті талап ететін еңбек қызметінің бөлігі. Әлемде 40 мыңға жуық әр түрлі мамандықтар бар екен көрдіңіздер ме балалар.

Сіздерді тренинг ережелерімен таныстырып өтейін.

**Тренинг ережесі:**

- бір - бірін тыңдау
- уақыт үнемдеу
- белсенділік таныту
- достық қарым - қатынас.

**Жоспар:**

- Жақсы тілек.
- Мамандықты тап (ойын)
- Жағдаяттық сұрақтар.
- Менің болашақ мамандығым.
- Ең - ең... (ойын)
- Ақ тілек. (жаттығу)
- Бос микрофон

Тренингіміздің

1 - ші жаттығу « Жақсы тілек». Адамға жақсы тілеу тілесен әр қашан жолың ашық болады. Сонымен балалар жаттығуымызды жақсы тілектен бастайық.

Әр мектептен бір оқушы орнынан тұрып қай мектептен келгенін айтып өз тілектерін айтады.

Міне осы оқушылардың айтылған жақсы тілектері осы отырған бәрімізге жақсы көңіл - күй сыйлады. Енді осы көңіл – күймен мен сіздерге хат қалта таратамын, соның ішінде номерлеген қағаздар жазылады кімге қандай номер келеді, сол бойынша мұғалімнің айтқан орынына барып отырады. Енді жаттығуымызды жалғастырамыз.

2 - ші жаттығу. «Мамандықты тап» (ойын)

Тренингке қатысушыларға карточкаларға жазылған мамандықтар таратылады, ал олар сол мамандықтарды ыммен көрсетуге тырысу керек.

Қалғандары мамандықты табу керек.

Хирург, Фабрика басшысы, Хатшы, Кітапханашы, Банк қызметкері, Сатушы, Мұғалім, Бухгалтер, Сварщик.

3. жаттығу.«Жағдаяттық сұрақтар». Енді сіздер жаңа өмірге қадам басып жоғарғы оқу орнына түсесіздер, сол кезде сіздер көптеген жағдаятқа кездесесіздер, сол жағдаятты қалай шешесіздер.

Жағдаяттық сұрақтар.(уақыты 5мин).

1. Сен өзіңе ұнаған мамандықты таңдадың, бірақ ол мамандыққа ата - анаң қарсы.

Сен ол кезде не істер едің?

2. Ата - анаң саған бір мамандықты таңдап берді, бірақ ол мамандық саған ұнамады.

сен ата - анаңның шешіміне қарсы боласың ба?

3. «Армансыз адам – қанатсыз құспен тең» деген сөздің мағынасын ашып бер?

Сенің арманыңның орындалуына қандай да, бір кедергі келіп тұр қандай шешім қабылдайсың?

4. Айжан мектепте жақсы оқыды, мектеп бітіргеннен кейін заңгер мамандығын таңдады, бірақта оқуғ түсе алмады. Ал құрбысы Алма мектепте орташа деңгейде оқыды да заңгер маманына түсіп кетті.

Сіз бұған не айтасыз?

5.

4. жаттығу«Менің болашақ мамандығым», өзіңіздің қалаған мамандыққа қалай жетуге болады, сіздер алдыға қандай мақсат қоясыздар? балалар. Қазір әр топқа бір плакаттан беріледі, тақырып: Менің болашақ мамандығым сол плакатқа, өзіңіздің армандаған мамандығыңызға қалай жетуге болады, қай оқу орнында оқығыңыз келеді осы армандарыңызға қандай мақсатпен көтерілесіз соны жазып, суреттеңіздер.

Топ жетекшісі қорғайды. Уақыт 10 мин.

Ары қарай жаттығуымызды жалғастырамыз келесі:

5. жаттығу. Ең - ең... (ойын) Уақыт 3мин.

Парақшалар таратылады. Ол парақшаларда келесі жазулар болады: Топтың ішінде бірге ақылдасып мамандықтардың тізімін құру керек және де топтың мүшесі тізімдерімен таныстырып шығады.

- ең жасыл мамандықтар (эколог, биолог, географ, бақташы, гүл өсіруші)

- ең ақшалы мамандықтар (банк қызметкері, экономист)
- ең таза мамандықтар (дәрігер, мұғалім, заңгер)
- ең көңілді мамандықтар (клоун, әзіл - сықақшы)
- ең тәтті мамандықтар (аспаз, кондитер)
- ең жауапкершілікті мамандықтар (бухгалтер, сот)

6. жаттығу. «Бұл кім» кәсіби бағдар ойыны.

Қазір мен сендерге әртүрлі мамандықтар айтамын, ал сендер секунд ішінде жолдастарыңызға қарап аталған мамандық көбірек кімге үйлесетінін іштей анықтайсындар. Сосын не себепті сол адамға таңдағандарыңды және не себепті сол мамандыққа сәйкес келетіндігі туралы өз ойларыңды жеткізесіңдер.

Мұғалім, жүргізуші, дәрігер, тігінші, әнші, журналист, спортшы, программист, эколог, заңгер.

7. жаттығу « Ақ тілек» (жаттығу).

Әр топқа, түрлі түсті қағаздардан қиылған күннің шуақтары, гүлдер, таратылады. Осы қиындылармен, ватман бетіне мейірімділік алаңын құрастырыңыздар. Соңында әр топ жетекшілері түсіндіріп қорғап кетеді.

Мақсаты: Ата - анама, ұстазыма, сыныптастарыма деген жақсы тілектеріңіз бен жылы лебіздеріңізді білдіру.

8 жаттығу. «Бос микрофон»

Әр топ, бүгінгі тренингте қандай әсер алғандарын, жылы лебіздерін білдіру.

**Қорытынды:** Әбу насыр әл Фараби «... адам кез - келген жұмысқа жарамды бола бермейді... жұмысты неғұрлым жетік және жақсы атқарса білгір және шебер болып шығады. Қандай әрекет, қандай іс істесек те, содан рахмет табу, соның рахатын көру біздің мақсатымыз болып табылады» деген.

Көңіл қойып тыңдағандарыңызға көп рахмет

**ҰБТ - ны жақсы тапсырып, жолдарыңыз әрқашанда ашық болсын!**

«Ақмола облысы білім басқармасының  
Атбасар ауданы бойынша білім бөлімі Атбасар қаласының  
№ 8 жалпы орта білім беретін мектебі» КММ

## Тәрбие сағаты

### «Менің болашақ мамандығым»



Дайындаған сынып жетекшісі

Алпысова Г.К.



## Тақырыбы: Менің болашақ мамандығым

Мақсаты: оқушы бойында мамандық таңдауға деген жауапкершілік қалыптастыру, өз-өзін тану аймағын кеңейту, мамандық әлемінен ақпараттар алу, қазіргі заманның тапшы мамандықтарын көрсетіп сол бағытқа қарай бағыттау.

Көрнекілігі:

Жүру барысы:

### I. Кіріспе сөз

*Ең қиын мамандық - адам болу қалу*  
*Хосе Хулиан Марти*

**Мамандық таңдау деген өзің айналысқың келетін жұмысты таңдау ғана емес, өзің араласқың келетін ортаны да таңдау.** Қазақ "Адам екі түрлі жағдайда қателеспей керек: бірі - жар таңдағанда, екіншісі - мамандық таңдағанда" деп бекер айтпаса керек.

"Мамандық" сөзі латын сөзінен шыққан, "жұрт алдында сөйлеу, жариялау" дегенге саяды. Есте жоқ ескі заманда мамандықтың қазіргідей түр-түрі болмады. Әр адам барлық жұмыспен өзі ғана айналысатын. Дегенмен, әйелдер мен ерлерге деп бөлінетін жұмыстар болған. Ерлер аң аулап, үй тұрғызып, қару-жарақ жасаса, әйелдер жеуге жарамды өсімдіктерді жинап, тамақ пісірген, киім-кешек тігіп, бала тәрбиелеген.

Заман өзгерген сайын, адам да жетіліп, нарықтық қарым-қатынас пайда болды. Қоғам дамып, дүниеге түрлі жұмыстар, *сәйкесінше, түрлі мамандықтар келді.*

Кез келген еңбек мамандық емес. Еңбектің мамандық деп аталуының өзіндік шарттары бар: бірі - маман атануыңыз үшін білім алып, қолыңызға сол саланың дипломын, куәлігін, аттестаты не сертификатын алуыңыз керек болса, екіншісі - еңбегіңізге ақының төленуі қажеттілігі.


Мамандық таңдаудың екі әдіс-тәсілі бар: Бірінші әдісі- сынақ және қателік, адам нағыз қажетті мамандықты таппайынша адаса жүріп әр түрлі салаларда жұмыс істеуіне болады, бұл оған жақсы өмір сыйлаумен қатар, еңбектің қуанышын сыйлайды. Бұған адам өмірінің жартысы кетуі мүмкін.

Екінші әдіс- қандай мамандық таңдаса да, әрбір адамға қажетті өзін-өзі тану, өзінің қызығушылығын, қабілетін ойын, есте сақтауын, қабылдауын, жүйке жүйесінің қалыбын білу. Өзің туралы білген соң, мамандық әлеміне танысуға, сол мамандықтағы өз мүмкіншілігін білуі қажет.

Тағы бір үшінші жол бар. Ол-өзінің ата-анаңның, атаңның немес бабаларының мамандығын таңдау. Мұндай жағдайда егер отбасында мамандықтың ұрпақтан-ұрпаққа берілу дәстүрі болғанда таңдауға болады. Бірақ ең бастысы-адамның өз мамандығына деген қарым-қатынасы, өз ісіне деген сүйіспеншіліктен туындамақ.

### II. «Мен мамандық әлеміндемін»

Кеңес үкіметінің психологі Е. Климовтың ұсынған теориясында мамандықтар әлемін 5 типке бөлген.



«Адам-табиғат». Кәсіптер: тұқым өсіруші, зоотехник, агроном, кинолог, химиялық-бактериологиялық зертханашы, мал өсіруші шебер және т.б.

«Адам-техника». Кәсіптер: ұнғуші, ағаш шебері, инженер-механик, сәулетші, электромонтаждаушы, құрылысшы, техник-металлург, радиомеханик, компьютер құраушы, телекоммуникациялар жөніндегі маман т.б.

«Адам-адам». Бұл жерде негізгі, жетекші еңбек құралы адамдар болып табылады.

«Адам-белгілік жүйелер». Кәсіптер: аудармашы, сызушы, инженер, топограф, машинист-хатшы, бағдарламашы т.б.

«Адам-өнер». Бұл жерде негізгі, жетекші еңбек құралы – шығармашылық бейне, оны құру әдістері.

### III. «Тізбекті үзбе» ойыны

Қатысушының бірі мамандықты айтады, келесі оқушы аталған сөздің соңғы әрпінен басталатын мамандықты атайды.

### IV. «Қазіргі заманның әрі тапшы, әрі табысты мамандары»

XXI - ғасыр адам өмірінің әртүрлі саласына жаңалықтар енгізіп қанай қоймай, жаңа мамандықтарды да ала келді. Адам баласы XX-ғасырда қажетсізбенген, тіпті естіп-білмеген түрлі мамандықтар пайда болуда.

Ол негізінен, ақпараттық технологиялардың ұшқыр дамуына, қызмет көрсету және саладағы еңбекті жіктеу ережесінің түрленуіне байланысты. Төменде келтірілген мамандық атаулары бірнеше жыл бұрын қолданыста болмаған, олардың атын естігенде қазіргі күннің өзінде "Сонда, ол маман немен шұғылданады?" деген сауал туындайды. Бірақ даму жолына түскен компаниялар бүгінде осындай мамандар үшін өз мекемесінде "орын әзірлеп" жүр. Сонымен, жаңа ғасырдың жаңа мамандықтарына тоқталайық:

**бренд-менеджер** - тауарды сатуды ғана емес, оның қалай өндірілетінін жақсы білетін маман;

**логистик** - бұл мамандық туралы естуіңіз бар шығар. Қысқаша айтқанда, бұл - жүк тасымалын қадағалайтын маман;

**промоутер** - компанияның өнімді сату, жарнамалау және өткізу жұмыстарымен шұғылданатын өкілі;

**супервайзер** - сауда өкілдіктерінің жұмысын қадағалайтын, жаңа бағыттарды айқындайтын маман;

**веб-мастер** - сайт жасаумен шұғылданатын маман;

**копирайтер** - сайт үшін контент құрушы;

**коучер** - қызметшілердің потенциалын өсіретін маман;

**интервьюер** - әлеуметтік зерттеулер үшін сауалнама, сұхбат жүргізетін маман;

**девелопер** - жылжымайтын мүлік саласында, оны жобалау және құрылысын жүзеге асырумен шұғылданатын маман;

**сомелье** - ресторандарда сусындардың тартылуына (дұрыс құйылып, қонаққа берілуіне) жауапты кәсіби маман;

**джобер** – оның жұмысы брокердің жұмысына ұқсайды, бірақ джобер акцияларды сатып алуға және сатуға өз ақшасын жұмсайды;

**рецепшеонист** – тұтынушылар қабылдау және келушілерді тіркеумен шұғылданатын қызметші;

**Аниматор** - суретке жан бітіруші. **Мультипликатор** – мультфильмдерге арналған суреттер салушы.

**3 D аниматор** – үш деңгейлі графиканы өңдеуші дизайнер.

**Витражист** – көрмедегі және дүкендердегі заттарды тартымды етіп орналастыра білетін мамандар.

**Декоратор** – түрлі мекемелерді, ғимараттардың ішін әсемдеуші.

**Интерьер дизайнері** – үйіміздегі немесе кеңсеміздегі жиһаздарымызды талғаммен орналастыра білетін мамандар.

**Импрессарио немесе продюсер** – түрлі мерекелік іс-шараларды ұйымдастырушы.

**Көркемдік әрлеуші** – көшелерде ілінген жарнамаларды, сауда орындарын, қоғамдық тамақтану залдарын әсемдеушілер.

**Клипмейкер** – бейне және дыбыс жазу маманы.

#### **V. «Бұл кім?» кәсіби бағдар ойыны**

Мұғалім бір мамандықты айтады, оқушылар өздерінің ішінен сол мамандыққа кім көбірек үйлесетінін, және не себепті сол оқушыны тандағандарын айтуы керек.

#### **VI. «Менен сұрақ, сенен жауап»**

1. Өзіңнің болашақ мамандығыңды тандадың ба?
2. Сен ол мамандық туралы не білесің?
3. Мамандық тандамауыңның себебі неде?
4. Сенің мамандық тандауыңа кім әсер етті?
5. Қай жақта оқығанды ұнатасың?
6. Сен оқуға түскеннен кейін оқудың қиындығына төзе аласың ба?
7. Адамның мамандық тандауына оның әлеуметтік жағдайы әсер ете ме?

#### **VIII. Жағдаяттық сұрақтар**

1. Сен өзіңе ұнаған мамандықты тандадың, бірақ ол мамандыққа ата-анаң қарсы. Сен не істер едің?
2. Ата-анаң саған бір мамандықты тандап берді, бірақ ол мамандық саған ұнамады. Сен ата-анаңның шешіміне қарсы боласың ба?

#### **Қорытынды.**

Өз ісінің нағыз маманы атану екінің бірінің еншісіне бұйырмаған. Ол үшін ең алдымен мамандығыңызға деген махаббат керек. Махаббатпен істелген жұмыс қана нәтиже бермек. Екінші сөзбен айтқанда, мамандығыңыз сіздің сүйікті ісіңізге айналуы қажет. Бұл жағдайда адам жұмысқа ерекше құлшыныспен кірісіп, жұмысынан ләззат алады.

Өз жаныңызға жақын мамандықты іздеп табу да барынша күрделі жұмыс. Өз қалауыңызды білесіз, бірақ мамандығыңыздың қалай аталатынын білмейсіз. Бұндай жағдайда психолог-профконсультант (мектеп психологтары), мектеп мұғалімдері, оқу орындарының оқытушылары, ата-анаңыз, туған-туыстарыңыздың көмектеріне жүгінгеніңіз жөн.

Әлемде өзі қаламайтын мамандық иесі болып жүрген қаншама адам бар, өз жұмысын жанымен сүйіп істейтін адамдардың да саны аз емес. **Мамандық тандаудан жаңылмай, өз өміріңіздің бір кірпішін дұрыс қалауыңызға тілектеспіз.**

## Жылдық есеп

Бүгін, 2022 жылдың 29 қыркүйегінде оқушылар жедел жәрдем стансасына экскурсия жасап, болашақ түлектерді осы мамандықтың қызметімен таныстырды. Студенттер қиын, бірақ сонымен бірге сауабы мол мамандық туралы ақпаратты үлкен қызығушылықпен тыңдады. Медицина қызметкерлеріне зор денсаулық тілеп, осындай қызықты экскурсия үшін алғысымызды білдірдік.



Бүгін 12.10.22 «Ақмола облысы білім басқармасының Атбасар ауданы бойынша білім бөлімі Атбасар қаласының №8 жалпы орта білім беретін мектебі» КММ -де жоғарғы сынып оқушыларымен ҚАЗАҚ ТЕХНОЛОГИЯ ЖӘНЕ БИЗНЕС УНИВЕРСИТЕТІ мамандары кәсіптік бағдар беру жұмыстарын жүргізді



Бүгін 20.10.22. 9-11 сынып оқушыларымен Көкшетау гуманитарлы-техникалық колледжі және Азаматтық қорғаныс жоғары көпсалалы колледжі мамандары кәсіптік бағдар беру жұмыстарын жүргізді.



**КГТК**  
**ГРАНТЫ СТИПЕНДИЯ СКИДКИ**

Адрес: Республика Казахстан, 11 Демеулы, 33  
 Контакт-центр: +7 7162 24-4625, +7 7162 24-4616  
 +7 7162 222-4624, +7 7162 112 7822  
 +7 7162 244624, +7 7162 407-1212  
 +7 7162 474624

Электронная почта: info@kgtk.kz

**ДЕЛАЙ КАРЬЕРУ С НАМИ**

Официальный сайт: kgtk.kz

Instagram: @kgtk\_kz

Facebook: kgtk.kz

Twitter: kgtk\_kz

LinkedIn: kgtk.kz

YouTube: kgtk.kz

WhatsApp: kgtk.kz

Telegram: kgtk.kz

QR code



“Мамандықтар әлемі” атты мектептің жоғарғы сынып оқушыларымен онлайн түрде кәсіптік бағдар беру жұмысы өтті.16.11.22



17. 11.2022ж 9"А" сыныбы кәсіптік бағдар беру мақсатында АО "НК" КТЖ Атбасар қалалық белгі беру және байланыс станциясының өндірістік оқыту шебері Сергей Николаевич бар ынтасымен



өз мамандығын таныстырды.

18 қараша мектебіміздің 4 "А" "Ә" сынып жетекшілері Абдрахманова А. Тилеген А. оқушыларды Кәсіптік бағдар беру жоспары бойынша Атбасар ауданы номері төртінші төтенше жағдай бөліміне саяхат жасауға алып барды.

Төтенше жағдай бөлімінің қызметкерлері оқушыларды өрт сөндіру ережелерімен таныстырды. Оқушылар көптеген мәліметтер алды.

Оқушылар керемет әсермен қайтты.





24.11.23 11А, 11 Ә сыныптары "Мамандықтың бәрі жақсы" атты тақырыпта колледжге барды





02.12.22



11 сынып оқушыларымен ESIL UNIVERSITY мамандары кәсіптік бағдар беру жұмыстарын



жүргізді 7.12.22

22.12.22 Щучинск әскери колледжінің 2 курс студенті Оразхалиев Д. военкоматтан кәсіптік бағдар беру жұмысын жүргізді





5.01.23 Қаңтардың 4 күні, 10 "А" мен 10 "Ә" сыныптары кәсіптік бағдар беру мақсатымен ШЧ-17 жүйесінің негізгі бағыттарымен таныстырды. Сынып жетекшілері: Алпысова Г.К., Немеренко З.Б.



9 "А" сыныбы профарентация мақсатында агротехникалық колледжге барды. Өте жылы қарсы алды және мықты техникамен жабдықталғанын көріп риза болып қайтты. 18.01.23



8 қаңтар күні 8 мектептің 11 "А,Ә" сынып оқушылары мамандық таңдау бойынша Атбасар қаласының АИК колледжіне барып қайттық.



Бізді шеберхананың меңгерушісі Сыздықов Еркін Маратович колледждің мамандық түрлерімен таныстырды. Біздің көңілімізден шықты, колледж балалар үшін шарттары өте жақсы





Павлодар қаласының Торайғыров университеті оқушылармен, олардың ата-аналарына университеттің жетістіктері, мамандықтары, оқуға түсу жайлы ақпаратты жеткізу мақсатында онлайн кездесуді өткізд











Павлодар қаласының Торайғыров университеті оқушылармен, олардың ата-аналарына университеттің жетістіктері, мамандықтары, оқуға түсу жайлы ақпаратты жеткізу мақсатында онлайн кездесуді өткізд